

Серуен картотекасы

Картотека №1

1. Бақылау: Ауладағы қыдырып жүрген мысыққа бақылау жасау.

2. Еңбек. Аула сыйырушыға көмектесу.

3. Жеке жұмыс. Балалармен мысық туралы өлең жаттау.

Ойға батып мысық

Мысық сүтке тойды

Отыр көзін қысып

Көзін қысып қойды

Әндетіп бір баяу

Әндетіп бір баяу

Дейді мияу, мияу, мияу.

Дейді мияу, мияу, мияу.

4. Кімділды ойындар: «Тышқан мен мысық»

«Кім тез жетеді?»

Мақсаты: Шапшаңдыққа тәрбиелеу.

5. Көркем сөз: Бала мысық батыл-ақ,

Тышқан ұстай талабы.

Сылдырып етсе жапырақ,

Дерене бұға қалады.



Картотека №2

1. Бақылау: Балабақша ауласының тазалығын бақылау.

Мақсаты: тазалыққа, әсемдікке баулу. Еңбек сүйгіштікке, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу.

2. Еңбек. Телімдегі қағаз және ағаш қалдықтарын жинастыру.

3. Жеке жұмыс: 1-2 балаға балабақша туралы өлеңдерін қайталату, әңгімелету.

4. Қимылды ойындар: «Кім шапшаң?» «Ұтып ал»

Мақсаты: Икемділікке баулу.

5. Көркем сөз. «Тазалық-денсаулық кепілі».(мақал)

Картотека №3

1. Бақылау: Ауа – райын бақылау.

Мақсаты: Ауа райындағы өзгерістерді аңғаруға және айтуға үйрету. Желдің бағытын қалай білу керектігін түсіндіру. Өз ойларын толық жеткізе білуге жұмыстану.

2. Қимылды ойындар: «Кім өз жалаушасына тез жетеді?»
«Қуыспақ»

Мақсаты: Икемділікке баулу.

3. Жеке жұмыс: Жұмбақ жаттау

Бар ма, жоқ па оны анық білмейсін,
Ол жоқ жерде өмір сүріп жүрмейсін.

4. Еңбек: Телімдегі ғұлдерге су құю.

5. Көркем сөз: Жаңбыр, жаңбыр жау – жау,
Көк беленді сау – сау.

Картотека №4

-
1. Бақылау: Жаңбырдың жауғанын бақылату
Мақсаты: Жаңбырдың неден пайда болатыны туралы түсініктерін калыптастыру. Оның табиғатқа тигізер пайдасын білдіру.
Жерге сінуін көсету. Ақ жауын ба, нөсер ме? Айыра білуге баулу.
 2. Қимылды ойын: «Құн мен жаңбыр», «Жасырынбақ»
Мақсаты: Икемділікке баулу.
 3. Жеке жұмыс: Жұмбақ шешу
Көтеріліп теңізден, аспанға биік барамын.
Биіктен қайта түскенде, өні кірер даланын.
 4. Еңбек. Телімдегі қағаз, қоқыстарды жинау
 5. Көркем сөз:
Жау, жау жаңбыр, жау жаңбыр.
Арық суы мол болсын.
Өсімдіктер көп болсын.
Жауған жерің шөп болсын

Картотека №5

-
1. Бақылау: Ағаштың жапырақтарын салыстыра бақылау.
Мақсаты: Ағаштардың түрлеріне қарай жапырақтарының да әртүрлі болатындығын көрсетеу. Аққайың ағашының жапырағымен таныстыру. Оны емен ағашының жапырағымен салыстыра отырып, айырмашылықтарын айтуда үйрету. Ағаштың пайдасы туралы өз ойларын жеткізе білуге баулу.
 2. Қимылды ойын: «Шеңберге дәл түсір» «Өз ағашынды тап»
Мақсаты: Дене қимылдарын дамыту.
 3. Жеке жұмыс. 3 – 4 баламен маршпен дұрыс жүруді үйрету
 4. Еңбек. Телімдегі бұтақтарды жинау.
 5. Көркем сөз.
Жапырақтар, жапырақтар.
Ал қазір түр алдымында,
 - Жүз болғанда сарғаяды.
Жап-жасыл боп бояуы

Картотека №6



1. Бақылау: Құстарға бақылау жасау.

Мақсаты: Олардың түрлерімен жақыннырақ таныстыру. Балалардың аяушылық, қамқорлық сезімін дамыту. Құстар біздің досымыз, құстар қалықтап төбемізде ұшып жүр айналаны бағдарлап бақылау.

2. Еңбек: Құстарға жем шашу, наң қиқымын салу.

Жемсауыттарын жем жеп болғаннан кейін тазалап қою.

3. Жеке жұмыс: 2 – 3 балаға асфальт үстіне сурет салдыру.

4. Қимылды ойындар: «Көкек» «Өз орынды тап»

Мақсаты: Ептілікке баулу.

5. Көркем сөз:

Сауысқан – қорқақ құс, Көкек – мақтаншақ құс.

Бұлбұл - әнші құс, Көгершін – бейбітшілік құсы.

Картотека №7



1. Бақылау: Бақбақ гүлінс бақылау жасау.

Мақсаты: Гүлзарда өсіп тұрған бақбақ гүлінің жапырағын, гүлін қарап басқа гүлден өзгешелігін ажыратып айта білуге үйрету. Гүлдер ауламызды көрктендіріп тұрғанын айту әңгімелуеу.

2. Қимылды ойындар: «Гарышкерлер мектебі»

Мақсаты: Дене қимылдарын дамыту.

3. Жеке жұмыс: 2-3 балаға бак-бақ гүлінің емдік қасиеті туралы мәлімет беру.

4. Еңбек: гүлдерге су құю, түптерін қопсыту.

5. Жұмбак жасыру: Қырға кілем жайдым. (қызғалдақ)
Тал басында тамаша үй. (ұя)

6. Допты шенберге түсіруге үйрету.

Қолдарына ұстап тұрған доптарын жеке-жеке шенберге дәлдеп түсіру

Картотека №8

1. Бақылау: Бағдаршамды бақылау.

Мақсаты: Бағдаршамның шамдарын түстеріне қарай ажыратып білуге, әр түстің берілетін белгісімен жолда жүру ережесін сақтауға үйрету. Жасыл түс-жаяу адам жүретін белгі екенін, қызыл түс-көліктер жүретін белгі, қызғылт сасы-әзірленуге арналған белгі екенін үйрету.

2. Қимылды ойындар: «Күн мен тұн» «Өз орныңды тап»

Мақсаты: Ептілікке баулу.

3. Жеке жұмыс. Тіл дамыту жаттығуларын қайталату.

4. Еңбек. Сынған ағаш қалдықтарын жинау

5. Көркем сөз.

6. Дөңгелекті жалауға дейін айналдырып бар.

Картотека №9

1. Бақылау: Жаңбырды бақылау.

Мақсаты: Жаңбырдың жауғанын бақылату арқылы жерге түскен су тамшыларының оған сіңіп кетуінің мәнісін түсіндіру, жаңбырдың пайдасын білгізу.

2. Қимылды ойындар: «Күн мен жаңбыр» «Дауысынан таны»

Мақсаты: Ептілікке, шапшаңдыққа үйрету.

3. Жеке жұмыс: 2-3 балаға жаңбырлы күннің суретін салуды үйрету.

4. Еңбек. Аула сыйырушыға көмектесу.

5. Жұмбақ жасыру. Көтеріліп теңізден,

Аспанға биік барамын.

Биіктен қайта түскенде

Өні кірер даланың (жаңбыр)

Картотека №10

1. Бақылау: Күннің көзін бақылау.

Мақсаты: Балаларға күннің өлі табиғатқа жататындығын түсіндіре отырып, оның қоршаган ортаға тигізер пайдасын түсіндіру. Оның таңда қай жақтан атып, кешке қай жаққа бататынын бақылату.

2. Қимылды ойындар: «Күн мен тұн» «Ақ серек, көк серек»
Мақсаты: Ептілікке баулу.

3. Жеке жұмыс: Балаларға жапырақтардан күнді құрастыруды үртету.

4. Еңбек: Телімді сыйыру, артық заттарды жинастыру.

5. Көркем сөз: Жұмбақ жасыру. Жұрттың бәрі, оны сүйеді,
Бірақ қарағысы келмейді.
(күн)

Картотека №11

1. Бақылау: Табиғатты өзгерістерді бақылау (жел, салқын, жаңбыр, т.б.)

Мақсаты: Ауа райындағы өзгерістерді аңғарып айта білуге баулу. Олардың жыл мезгіліне байланысты өзгеріп отыратынын білгізу.

2. Қимылды ойындар: «Шеңберге дәл тұсір»
«Тышқан мен мысық»

Мақсаты: Ептілікке, шапшандыққа үртету.

3. Жеке жұмыс. Өздерінің білетін тақпақтарын жатқа айтқызу.

4. Еңбек: Ойын алаңымызды жинастыру.

5. Көркем сөз: Жыл мезгілдері туралы тақпақтар.
Абайдың жыл мезгілдеріне арнаған өлеңдері.

Картотека №12

1. Бақылау: Ая – райын бақылау.

Мақсаты: Ая райындағы өзгерістерді аңғаруға және айтуға үрету. Желдің бағытын қалай білу керектігін түсіндіру. Өз ойларын толық жеткізе білуге жұмыстану. Адамдардың сыртқы киімдеріне, айналадағы құстарға көңілдерін аударту.

2. Қимылды ойындар: «Қасқыр қақпан»

Мақсаты: Ептілікке баулу.

3. Жеке жұмыс: 3-4 балаға бау байлауды үрету.

4. Еңбек. Құмды бір жерге үйіп, үстінен су шашу.

5. Жұмбақ жасыру.

Төнірегі тең көрініп,

Теген жатыр төңкөріліп,

Жас та сыйған, кәрі сыйған,

Астына оның бәрі сыйған.

(аспан)

Картотека №13

1. Бақылау. Аула сыпырушының еңбегін бақылау.

Мақсаты: Біздің бала бақшаның аула сыпырушысы атайдың еңбек құралдарын көрсере қай құрал не үшін керек екенін айту.

Қимылды ойындар: «Ұстап ал» «Біз көңілді баламыз»

Мақсаты: Ептілікке, шапшандыққа үрету.

3. Жеке жұмыс. Көрсетілген белгіге дейін ара қашықтықта (4 метрдей) түлкі, сияқты жүру.

4. Еңбек. Жолды тазалау, жаяу адамдар жүретін жолдарды тазалау.

5. Көркем сөз. Еңбек ер атандырап. (мақал)

Еңбек етсең ерінбей,

Тояды қарның тіленбей.

Картотека №14

1. Бақылау.Құстарды бақылау.

Түрлерін айыра білуге үйрету.

Мақсаты: Құстардың түрлері де түстері де әртүрлі екен біреуі қара, біреуі ала, біреуі үлкен, біреуі кіші екенін бақылау.

2. Қимылды ойындар: «Торғайлар мен мысық»
«Кім жылдам?»

Мақсаты: Ептілікке, шапшаңдыққа үйрету.

3. Жеке жұмыс. Кеглидің арасымен жұру. (1-2 баламен)

4. Еңбек. Телімдегі қағаз қалдықтарды жинау.

5. Көркем сөз. Ақ көгершін, көгершін,
Қолғанат құс сен едің.
Бар кезіп қайт, ел үшін,
Кең дүниенің көлемін.

Картотека №15

1. Бақылау: Ая-райын бақылау.

Мақсаты: Балалар бүгінгі ая-райы қандай екен. Қандай тамаша күн шуағын төгіп түр. Ая-райы жақсы болса біз де таза-ауада көбірек серуендереп қайтамыз әңгімелесу.

2. Қимылды ойындар: «Кім тез атайды?» «Телефон»

Мақсаты: Ептілікке, шапшаңдыққа үйрету

3. Жеке жұмыс. 3-4балага пішіндерді айтқызу, ұқсастықтарын таба білуге үйрету.

4. Еңбек. Аула сыбырушыға көмектесу.

5. Жұмбақ жасыру. Аспанда бір ана бар,
Маңы толған балалар.

(Ай мен жулдыздар)

Кездеспейді екеуі, Көк аспанда мекені.

(Ай мен Күн)

Картотека №16

1. Бақылау.Құстарды бақылау.Түрлерін айыра білуге үйрету.

Мақсаты: Құстардың түрлері де тұстері де әртүрлі екен біреуі кара, біреуі ала, біреуі үлкен, біреуі кіші екенін назар салып бақылау.

2. Қимылды ойындар: «Торғайлар мен мысық» «Кім жылдам?»

Мақсаты: Ептілікке, шапшаңдыққа үйрету.

3. Жеке жұмыс.Кеглидің арасымен жүру.(1-2 баламен)

4. Еңбек. Телімдегі қағаз қалдықтарды жинау.

5. Көркем сөз. Ақ көгершін, көгершін,

Қолғанат құс сен едің.

Бар кезіп қайт, ел үшін,

Кең дүниенің көлемін.

Картотека №17

1. Бақылау: Ағаш жапырақтарының түсін бақылау.

Мақсаты: Ағаш түрлері әртүрлі болса олардың жапырақтарының пішіндері де әртүрлі болады және тұстері де әртүрлі қарандаршы жасыл, қызғылт т.б айту.

2. Қимылды ойындар: «Ормандағы аю»«Өз парынды тап»

Мақсаты: Ептілікке, шапшаңдыққа үйрету

3. Жеке жұмыс.Саз сабағындағы өлеңдерді 1-2 балаға айтқызып, қайталату.

4. Еңбек. Телімдегі құмды көтеру.

5. Тақпак оқу. Ағаш біткен дірдектеп. Жапырағын жоқтайты.

Картотека №18

- 
1. Бақылау. Қайда не өседі? Жеміс- жидектің өсетінін бақылау.
Мақсаты: Балаларға жемістердің көбі ағашта өсетінін, жидектер жерде өсетінін айту. Алма, алмұрт, шие, жұзім ағашта.
Бұлдірген, қарақат жерде өсетінін айту.
 - 2.Көркем сөз. Мен шиемін шиемін,
Күннің көзін сүйемін.
Мен өрікпін өрікпін,
Айналаға көрікпін.
 3. Жеке жұмыс.Балалардың ішіндегі естиярларына жемістердің ісін, дәмін білуді ұғындыру, сұрау.
 4. Еңбек.Арамшөптерді жұлуға, суаруға баулу.
 - 5.Қимылды ойын: «Қайсысы жеміс, қайсысы көкөніс?»
« Ұзын жол»

Картотека №19

- 
- 1.Бақылау. Аспанды бақылау. (Ол қандай? Күн қалай түседі?
Аспанда бұлт көп пе?)
 - 2.Қимылды ойындар: « Күн мен жаңбыр», «Арқан тартыс»
« Тұлқі мен қаздар».
Мақсаты: Ептілікке, шапшандыққа үйрету
 - 3.Жеке жұмыс: 2-3 балаға аспан денелері туралы түсіндіру және танып айтуда үйрету.
 4. Еңбек. Телімді сыйыру.
 5. Көркем сөз: Тақпақ жаттау.
Көк аспанға қарасаң
Кызықтар көп орасаң
Күнді өзің білесің
Күнде көріп жүресің.

Картотека №20

1. Бақылау. Күннің көзін бақылау. Оның шапағына қолдарын созып жылудын байқау, жылы сөздер айту, жүректеріне қолдарын апарып, жылудын өз бойларына сінірту. Қандай сезімде болғандарын әңгімелету.

2 . Қимылды ойындар: «Күн мен тұн», «Белгіленген орынға қарай жүгір»

Мақсаты: Ептілікке, шапшаңдыққа үйрету.

3. Жеке жұмыс. 5-6 баламен өз шығармашылықтарын білдіруге сурет салуға ұсыныс жасау.

4. Еңбек.Ойын алаңындағы ағаш сынықтарын, қағаз қалдығын, әйнек т.б. заттарды жинау.

5. Көркем сөз.

1. Күннің көзін сүйеміз. Әдеппен бас иеміз.

2. Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды.

Картотека №21

1 . Бақылау. Темір жол бекетін бақылау. Поездың жолдарын, темір жол деп атайды, өзінің тоқтайтын бекеттері бар және сағаттарға байланысты жүретінін балаларға түсіндіру.

Поездың өзінің бағдаршамы бар қызыл жанса, яғни поездар жақыннады дегенді білдіреді..

2. Қимылды ойындар: «Көпірден өт», «Темір жолмен жүр»,

Мақсаты: Ептілікке баулу.

3. Жеке жұмыс. 2-3 Машинисттер туралы әгімелеу олардың өте жауапты жұмыс екенін түсіндіру.

4. Еңбек. Өз киімдерін ретімен мұқият киінуге, бауын байлауға жаттықтыру.

5. Көркем сөз.Жұмбақ. Үш көзді батыр,

Жолды аңдып жатыр.

(Бағдаршам)

Картотека №22

- 
1. Бақылау. Ауа-райының өзгешелігін, ерекшелігін бақылау. Түсте және кешке қарай оның өзгеріп отыратынын, жел, жаңбыр, дауылдың да болатынын түсіндіру.
 2. Қимылды ойындар: «Дауыл болып жүгір», «Секіріп өт». Мақсаты: дene қимылдарын дамыту.
 3. Жеке жұмыс. 3-4 балаға құннің көзін сүйіп өсетін гүлдерді атау «Күнбағыс», «Күн шапағы» суреттен көрсету.
 4. Еңбек. Ойын алаңыдағы сынған ағаш қалдықтарын жинастыру. Еңбексүйгіштікке баулу.
 5. Көркем сөз. Жұмбак. Өсіп тұрған бұл не?
Жаз болса жайнап,
Саясында ән салып,
Құстар жүрген сайран.

(ағаш)

Картотека №23

- 
1. Бақылау. Аулада жүрген күшікті бақылау.
Мақсаты: күшіктің жүгіріп, балаларды көрсе қуанатынын және оның сүйікті тағамы туралы жөнінде, олардың әр уақытта адамдарға көмегінің бар екенін түсіндіру өздерінің үйнедегі күшіктері жөнінде әңгіме құарату.
 2. Қимылды ойындар: «ақ сүйек», «Ит пен қойшы». Мақсаты: Ептілікке баулу.
 3. Жеке жұмыс. Үй жануарларының адамдарға пайдасын және соның ішінде күшікті қызықтап, қарайтындары жөнінде әңгімелесу.
 4. Еңбек. Гүлдерге су қую.
 5. Көркем сөз. Бип-бип-бип дейді,
Жолдан былай кет дейді.
Күшікті басуға, болмайды.

Картотека №24



1. Бақылау. Телімдегі жәндіктерді (көбелек, қоңыз) іздең тауып, бақылау.
2. Қимылды ойындар: «Ақ серек, көк серек»,
«Ақку-қаздар».
Мақсаты: Бірігіп ойнауга тәрбиелеу.
3. Жеке жұмыс. 3-4 балаға көбелектің суретін салуды үйрету.
4. Еңбек. Телімді тазалау. Құмсалғыштың айналасын жинау.
5. Жұмбақ жасыру. Ұшқанда өлең айтады,
Конғанда жер қазады.
Мұны да ойлап көрейік,
Шешуін кім табады?

(қоңыз)

Картотека №25



1. Бақылау. Ойын алаңындағы өзгерістерді бақылау.
Мақсаты: Балаларды байқағыштыққа және өз ойларын толықтай айта білуге үйрету. Сөздік қорларын молайту, байланыстырып сөйлеуді дамыту. Айнала қоршаған ортаны қорғауға , бір-біріне көмектесуге тәрбиелеу.
2. Қимылды ойындар: «Мысық пен тышқан»,
«Себетке допты түсір».
Мақсаты: Ептілікке баулу.
3. Жеке жұмыс: Құмда машинаға арналған автотұрақтар мен көпірлер жасауды үйрету.
4. Еңбек: Құмды көтеру, бұтақтар мен жапырақтарды жинастыру.
5. Жұмбақ жасыру. Дөңгеленіп өседі,
Желмен бірге көшеді.

(қаңбак)

